

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Адастана

Ақшамы

25 ЖЫЛ

ОҚЫРМАН
ОЛЖАЛАҒАН

Қазақ әдебиеті – әлем назарында

24 қараша 2016

Тәуелсіздіктің ширек ғасыр тойына арнап ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханасының ұйытқы болуымен бірқатар шет мемлекеттерде «Қазақ әдебиетінің орталығы» ашылды.

Халқымыз сөз өнеріне Құлагердей жүйрік екені мәлім. Әсіресе, әлемдік руханияттан өз орнын ойып алған қазақ әдебиетінің де жұртшылық сүйсініп оқитын інжу-маржандары жетерлік. Әріге бармай-ақ, өткен жиырмамыншы ғасырда ғұмыр кешкен алыбымыз Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романымен халқымыздың сан ғасырлық дәстүрі мен даналығын, мәдениеті мен парасаттылығын, ғажайып сұлу сазға өрілген тілі мен танымын жер-жаһанға жарқыратып көрсеткен еді. Міне, осындай саф алтын секілді ешқашан тот баспайтын асыл қазыналарымызды әлемдік деңгейде насихаттауға жаңа ашылған орталықтардың берері мол болмақ.

«Мұндай орталықты шетелдерде ашудағы басты мақсатымыз – елден жырақта жүрген қандастарымыз бен Қазақстан жайлы көбірек білгісі келетін шетелдік азаматтарға еліміздің тарихы, әдебиеті, өнері және ғылымның әр саласында жеткен жетістігіміз жайлы мәліметтерді жеткізу» дейді осы ізгілікті істі ұйымдастырушылар.

Бүгінде «Қазақ әдебиетінің орталығы» Армения, Венгрия, Германия, Иран, Қырғызстан, Малайзия, Ресей және Оңтүстік Корея секілді мемлекеттерде ашылып, шетелдік оқырмандарға Отанымызды жақынырақ білуге мүмкіндік туды.

Таяуда ғана жаңа орталық Түркияның астанасы – Анкара қаласында ашылды. Оған Қазақстанның Түркиядағы елшілігі қолдау көрсетті. Орталықтың ашылуына Түрік Ұлттық кітапханасының директоры Зүлфи Томан, Алматыдағы Ұлттық кітапхананың директоры Жанат Сейдуманов және елордадағы Ұлттық академиялық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қызметінің жетекшісі Әлия Қожабекова секілді азаматтар қатысып, тұсауы кесілген орталықтың екі ел арасындағы мәдени, рухани дамуды жоғарғы деңгейге көтеретіні жайында салмақты сөз қозғалды. Алдағы таңда осындай орталықтарды тағы басқа шет елдерде ашу жобаланып отырған көрінеді.

Азамат Есенжол